

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВЫРАЩИВАНИЯ ЛОШАДЕЙ КАЗАХСКОЙ ПОРОДЫ ЖАБЫ

Аннотация Эффективность выращивания казахских лошадей типа жабе. В данной статье исследованы вопросы разведения казахских лошадей типа жабе в условиях крестьянского хозяйства Казахстана. Приводятся продуктивные качества и наиболее оптимальные сроки выжеребки кобыл и способы ее регулирования.

Ключевые слова: нагул на пастбище, мясная продуктивность, качество мяса, экономическая эффективность.

Esembekova Z.T., Zhunisov A.M.

KAZAKH BREED JABY EFFECTIVENESS OF BREEDING HORSES

Abstract High. The efficiency of developing kazakh shade breed horses. Was researched the reading questions oh Kazakh horses type shade in the condition central. This article gives the predicting quality and the most optimum period oh mare hoofs and the oh this regulation.

Key words: pasture, meat product, vely, qualifies, meat, economic effective.

ӘОЖ: 636.3.082.+ 636.3:612

Есентөреева М.О, Несіпбаев Т.Н, Несіпбаева А.Қ , Жылқышыбаева М.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

БИАЗЫЛАУ ЖҮНДІ ДЕГЕРЕС ТҰҚЫМДЫ ҚОЙЛАР ҚАНЫНДАҒЫ АМИНОТРАНСФЕРАЗАЛАР МЕН АЗОТТЫ ЗАТТАР КӨРСЕТКІШІ

Аңдатпа

Мақалада дегерес тұқымды қойлардың биязылау жүнді типі қанындағы аминотрансферазалар белсенділігі мен азотты заттар деңгейін зерттеу нәтижесі баяндалған. Онда келтірілген мағлұматтар аминотрансферазалар белсенділігінің деңгейі малдың биологиялық әлеуетінің күштілігін аңғартады.

Кілт сөздер: Аминотрансфераза, фермент, АсАТ фермент, несепнәр, креатинин.

Кіріспе

Амин ауыстырушы ферменттер жануарлар әлемінде кең тараған ферменттер тобына жатады. Олар амин қышқылдарының тотыға ыдырау процесіне (катаболизміне) тікелей қатысады. Бұл ферменттерді А.Е. Браунштейн мен М.Г. Крицман 1937 жылы ашқан. АлАТ амин тобының аланиннен α -кетоглутаратқа ауысуын катализдесе, АсАТ – амин тобының аспартаттан α -кетоглутаратқа ауысуын жандандырады. Организмнің тіршілік әрекеті мен өнімділік деңгейіне амин ауыстырушы ферменттердің (аминотрансферазалар) әсері болатыны ғылыми зерттеулермен дәлелденген [Перчихин Ю.А., 1976; Эктов В., Горяминский В., 1976;]. Lehniger (1976) деректеріне сәйкес кемінде 11 аминқышқылдарынан (аланин, аргинин, аспарагин қышқылы, цистеин, изолейцин, лизин, фенилаланин, триптофан, тирозин, валин) α -амин тобы амин ауыстыру реакциясы нәтижесінде бөлінеді [1, 2]. Осы амин қышқылдарының α -амин тобы мына үш α -кетокышқылдардың: α -пирожүзім, α -кетоглутарь немесе қымыздық-сірке қышқылының (ҚСК), α -көміртек атомына ауыстырылады. Бұл реакцияларда α -кетокышқылдар амин тобының акцепторының рөлін атқарады. Сондықтан организмдегі амин қышқылдарының

қоры неғұрлым жеткілікті болса, соғұрлым белоктардың биосинтезі қарқынды жүреді [3, 4]. Осыдан белгілі бір өңірде аудандастыруға іріктелген түрлі генотипті қой тұқымдары қанының морфологиялық және биохимиялық құрамын салыстырмалы түрде зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары.

Материалдар мен әдістер


Осы бағытпен асыл тұқымды құйрықты биязылау жүнді дегерес қойлары қанындағы аминотрансферазалар мен азотты заттар деңгейін анықтау мақсатында тәжірибе төрт серияда жүргізілді. 1-серия – қыс, 2-серия - көктем, 3-серия - жаз және 4-серия - күз айларында атқарылды. Зерттеу өнімділік сапасына қарай төрт топқа бөлінген қойларға (48, 50, 56, 58 сапалы биязылау жүнді) жүргізілді. Бұл кезеңде бақылауда бас-аяғы 20 бас қой болды. Тәжірибедегі малдан қанды жайылымға шығар алдында, ашқарын жағ-дайында, ойық венадан алдық. Ұю процесінен қанды гепарин көмегімен қорғадық. АлАТ, АсАТ ферменттерінің белсенділігі - Райтман-Френкельдің динитрофенилгидразинді әдісімен «Вельд» реактиві арқылы анықталды.

Тәжірибеде жинақталған материалдар Н.А.Плохинский мен Е.А.Меркурьевалардың вариациялық статистика тәсілі негізінде «Biomet» компьютерлік бағдарламасы арқылы биометриялық өңдеуден өткізілді. Сенімділік көрсеткіші Стьюдент кестесі көмегімен анықталды. Диссертацияда сенімділік көрсеткіші $P < 0,05 - 0,01$ аралығындағы деректер ғана көрсетілді [5, 6].

Зерттеу нәтижелері және талдау

Мал организмін физиологиялық тұрғыдан бағалауда қандағы амин ауыстырғыш (аминотрансфераза) ферменттер мен азотты заттардың алмасу өнімдерінің мөлшерін қадағалаудың да маңыздылығы жоғары.

1-суретте сапалы биязылау жүнді дегерес қойлары типінің организміндегі белок пен амин қышқылдарының деңгейі жайлы деректер келтірілген. Бұл мағлұматтарға қарағанда зерттелген қой типінің қанында АсАТ ферментінің белсенділігі аса көп ауытқымай, тұрақтылығымен ерекшеленеді. АлАТ ферментінің белсенділігі де жыл маусымына байланысты онша көп ауытқымайды. Несепнәр мен креатинин мөлшерінің деңгейі көктемде қыс маусымымен салыстырғанда күрт төмендеп, жаз және күз айларында қайта жоғарылады.




ферменттерінің белсенділігі.

1-сурет - Биязылау жүнді дегерес қойлары қанындағы амин ауыстырғыш ферменттер көрсеткіштері

Дегерес қойының 50-ші сапалы жүнді типінің қанында АсАТ ферменті белсенділігінің ең төменгі деңгейі қысқы жайылым жағдайында байқалды. Келесі маусымдарда бұл

көрсеткіш біртіндеп өсіп, күзгі жайылым жағдайында ең жоғары деңгейге ($7,3 \pm 0,2$ мкмоль/(сағ.хмл) жетті. АлАТ ферментінің белсенділігінде айтарлықтай тұрақтылық байқалды: қыс, көктем, жаз айларында ол бір деңгейде сақталып, күзгі жайылым жағдайында біршама деңгейге жоғарылады. Суретте келтірілген деректерге қарағанда, жыл маусымымен байланысты қойдың зерттелген типінің организмінде белок алмасу қарқынының да ауытқып отыратынын байқаймыз. Қандағы несепнәр деңгей көктемде қысқы көрсеткіштермен салыстырғанда біршама төмендеп, келесі маусымдарда айтарлықтай жоғарылады. Осы іспеттес динамика креатинин көрсеткіштеріне де тән болды.

Жоғарыда келтірілген суретте 56-шы сапалы жүнді қойларда АсАТ ферменті белсенділігінің қысқы жайылым жағдайындағы деңгейімен салыстырғанда көктем мен жаз айларында бірдей деңгейге жоғарылап, күзгі жайылым жағдайында ең жоғарғы деңгейіне жетеді. АлАТ ферментінің белсенділігі қыс, көктем және жаз мезгілдерінде бірдей деңгейде ($1,7 \pm 0,0$ мкмоль/(сағ. х мл) тұрақтап, күз маусымында $2,94 \pm 0,08$ мкмоль/(сағ. х мл) шамасына дейін жоғарылады. Қандағы несепнәр деңгейі толқымалы сипатта ауытқып отырса, креатинин деңгейі қысқы көрсеткішпен салыстырғанда көктем және жаз айларында бірте-бірте төмендеп, күзгі жайылым жағдайында айтарлықтай жоғарылады. Демек, зерттелген қой типінің организмінде белок алмасу қарқыны маусым жағдайына қарай біршама ауытқып отырады.



Абсцисс өсінде: жыл маусымдары. Ординат өсінде: А-Несепнәр;
Б-Креатинин көрсеткіштері.

2-сурет -Биязылау жүнді дегерес тұқымы қойлары қанындағы азотты заттардың көрсеткіші.

2-суретте келтірілген деректерге қарағанда 58-ші сапалы жүнді қой типінің қанында амин алмастырғыш ферменттер белсенділігі мен азотты заттардың қалдық өнімдерінің деңгейі де жыл маусымымен байланысты біршама өзгерістерге ұшырайды. АсАТ белсенділігі қысқы деңгеймен салыстырғанда көктем және жаз айларында төмендеп, бір шамада тұрақтайды да, күзгі жайылым жағдайында айтарлықтай жоғарылайды. АлАТ белсенділігі қыс, көктем және жаз маусымдарында бірдей деңгейде сақталып, күзде айтарлықтай жоғарылайды. Қандағы несепнәр мен креатинин мөлшері шамалы деңгейде ауытқып отырды. Несепнәр концентрациясы көктемде біршама төмендеп, одан кейінгі маусымдарда аздап жоғарылады да, бірдей деңгейде сақталды. Креатинин концентрациясы көктем және жаз айларында өсіп, күзде біршама кеміді.

Қорытынды

Сонымен, 58-ші сапалы биязылау жүнді дегерес қойлары қанындағы амин ауыстырғыш ферменттер мен азотты заттардың алмасу өнімдері де деңгейінің төмендігімен және маусымға байланысты ауытқымалылығымен сипатталды.

Жазғы жайылым жағдайында 56-58-ші сапалы биязылау жүнді қойлардың гематологиялық көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Сонда да несепнәр мөлшері мен АсАТ белсенділігіне қарағанда 48-ші сапалы биязылау жүнді қойларда белок алмасу қарқыны жоғары деңгейде болды (1-сурет).

Әдебиеттер

1. *Перчихин Ю.А.* Аминотрансферазы и фосфатазы сыворотки крови, их активность, наследуемость и связь с хозяйственно- полезными признаками у овец породы линкольн.: Автореф. Дис. канд.биол.наук.-Дубровицы, 1976.-22с.

2. *Этков В., Горяминский В.* Активность аспартат и аминотрансфераз в сыворотке крови коров бестужевской породы.// Доклады ТСХА.-М., 1976.- Вып.225.-С. 28-34.

3. *Лернер И.М., Дональд Х.П.* Современные достижения в разведении животных. – М., 1970.- с. 224-228

4. *Смирнов О.К., Нетеренко И.П., Пасечник А.П.* Активность ферментов АСТ и АЛТ, как признак племенного отбора и подбора в молочном скотоводстве / Вопросы разведения и селекции с.-х. животных.- Дубровица, 1978.- Вып.54.- С.10-13

5. *Якимчук Л., Терпелюк Н.* Активность ферментов крови и их наследуемость у телок дочерей высокопродуктивных коров черно- пестрой породы / Научно- производственная конференция по созданию стад животных, пригодных к промышленной технологии производства животноводческой продукции.- Киев, 1978.- С.184-185.

6. *Дегтярев В.* Изменчивость активности ферментов крови и связь ее с продуктивностью крупного рогатого скота черно-пестрой породы. // Промышленная технология производства продуктов животноводства в нечерноземной зоне. – М., 1979.- С.56-59.

Есентуреева М.О, Несипбаев Т.Н, Несипбаева А.К, Жылкышыбаева М.М.

АМИНОТРАНСФЕРАЗНЫЙ И АЗОТНЫЙ ПОКАЗАТЕЛЬ КРОВИ ПОЛУТОНКОРУННЫХ ОВЕЦ ДЕГЕРЕССКОЙ ПОРОДЫ

В статье приведены материалы по изучению аминотрансферазной активности и уровня содержания азотистых веществ в крови внутривидового типа дегересских овец с полугрубой шерстью. Овцам с высоким биологическим потенциалом свойствен высокий уровень ферментов в крови.

Ключевые слова: аминотрансферазный, азотистых веществ, крови, ферментов.

AMINOTRANSFERASE AND NITROGEN RARE OF BLOOD SEMIFINE DEGERESSKOY SHEEP BREEDS

The paper presents the study of materials on aminotransferase activity and levels of nitrogenous substances in the blood intrabreed type degeresskih semi-coarse wool sheep. Sheep with high biological potential svorystven high enzyme levels in the blood.

Key words: aminotransferase, nitrogenous substances, blood enzymes.

ӘОЖ 637.623: 636.3

Жұмағалиева Г.М., Шыныбаев Д.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

ЖАС ҚОШҚАРЛАРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ САЛМАҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ұрпағының сапасы бойынша тексеруе арналған екі топтағы жас қошқарлардың салмақ көрсеткіштері келтірілген, сонымен қатар еркек және ұрғашы қозылардың туылған, 4,5 ай және 7 ай мезгілдерінде салмақтары зерттелінді. Ұрпақтарының салмақтарының көрсеткіштері бойынша №209620, 200279, 219683, 215329, 220919 қошқарлар - жақсартушы, № 200297, 215310 қошқарлар - бейтарап, ал № 203383, 215571, 215531 қошқарлар - нашарлатушы болып анықталды.

Кілт сөздер: еркек қозылар, ұрғашы қозылар, қошқарлар, тірі салмақ, өнімділік.

Кіріспе

Қойлардың тірі салмағының шаруашылық және биологиялық маңызы үлкен. Ірі малдар дене бітімдері мықты, төзімді және өнімділіктері жоғары болады. Малдың өсіп- даму барысында тірі салмақтары сыртқы жағдайға, күтіп бағуына байланысты өзгеріп отырады, әсіресе қошқарлар бұл көрсеткіштерін ұрпақтарында жалғастырады.

Қозылардың туылған кезіндегі тірі салмақтары олардың постэмбриональдық кезеңінде өсіп-дамуына әсер етуші негізгі фактор болып табылады, сонымен қатар бұл көрсеткіш сыртқы жағдайлар мен тығыз байланысты [1,2].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары нысанасы ретінде оңтүстік қазақ меринос қой тұқымы төлдері пайдаланылды. Зерттеу барысында зоотехнияда қолданылатын жалпы әдістемелер пайдаланылды. Тәжірибедегі қозылар туылған кезінде таразымен өлшенді.

Зерттеу нәтижелері

Биязы жүнді қойларын өсіруде олардың өсіп-жетілуі өте маңызды. Ерте жетілудің негізгі көрсеткіштері туылғаннан, 4,5 ай, 12 ай, 18 айлығындағы тірі салмақтары.

Кесте 1- Ұрпағының сапасы бойынша тексеруге арналған қошқарлардың өнім көрсеткіштері (2013 жылы қашырым науқанына пайдаланылды)

Топ №	Жеке нөмірі	Тірі салмағы, кг			Шәуіт көлемі, см ³	Шәуіт сапасын бағалау
		Туған мезгілінде	7 ай	18 ай	18 ай	18 ай
1	209620	4,3	40,7	59,7	1,2	Г-9